№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
29. 08. 2023
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН
№8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
МККК меңгерушісі
_________ П.Кадирова
___08_________2023ж.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОРТАҢҒЫ «АЙГӨЛЕК» ТОБЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Тәрбиешілер: А.Дастанова
А.Иманкулова

**Мектепкедейінгітәрбиеменоқытудыңүлгілікоқубағдарламасынегізінде**
**2023– 2024 оқужылынаарналған**
**ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңперспективалықжоспары**

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Қыркүйек айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгірді<br>Тепе-теңдік сақтау.<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып жүру.<br>**Лақтыру.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық)<br>**Еңбектеу:**<br>Тура бағытта еңбектеу.<br>Сапқа тұру.<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру,<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға баулу<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, |

| | | |
|---|---|---|
| | | ауыз) үйрету.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың ой пікірлерін тыңдау.Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.Олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау дағдыларын дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп)<br>**Шама.**<br>Екі заттың өлшемі бойынша (ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем) салыстыру<br>**Геометиялық фигуралар**<br>Балалар гиемотиялық фигураларды үшбұрышты  зерттеу.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшесін бағдарлау.<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу арқылы, олардың қиылысуын жүргізе отырып шығармашылығын дамыту.<br>Балалардың білуге және әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы  балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>Балаларға заттарды бейнелеу арқылы бірнеше көлденең және сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру арқылы ,қағаз бетінде көлемі мен түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыртуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту.** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафонмен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылауын қалыптастыру (маусымдық). Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

**Білімберуұйымы:**<u>МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы</u>
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Қазан айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру:**<br>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Жүгіру:** алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта жүгіру<br>**Секіру:**<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру<br>**Еңбектеу:**<br>заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу<br>**Лақтыру:**<br>төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру<br>**Тепе-теңдік сақтау:**<br>бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтайда (20-30 сантиметр) тепе- теңдік сақтап жүру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен бір-бірін сырғанату<br>Жалпы дамытушы ойындар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>**Қимылды ойындар**<br>балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу дағдыларын қалыптастыру<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа баулу<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерінің олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (ә) және кейбір дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен ертегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау дағдыларын қалыптастыру.Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ("бөпе", "аға", "апа", "іні", "қарындас"), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Математика** | **Сан.** |

| | | |
|---|---|---|
| | **негіздері** | Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бідей заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістікті бағдарлау: үстінде-астында<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері: күндіз-түнде. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай , балаларға дұрыс ұстауды үйрету .<br>Қылқаламмен бояуды оны бояуға ақырын батыру арқылы , алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру арқылы қызыл, сары,жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңтерін қолда отырып қиялдарын дамыту.<br>Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу дағдыларын дамыту. (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Желімдеу техникасын үйрету арқылы, балаларға желімді қылқаламға, мұқият жағып алу арқылы ,жаймадағы дайын үлгіге жағуға үйрете отырып,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану арқылы дағдысын қалыптастыру. |
| | **Құрастыру** | Негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ән айту.**<br>ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айтуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақпен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын қалыптастыру. Баланың ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін дамыту. Сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару дағдыларын дамыту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау<br>Дағдыларын қалыптастыру. Өсімдік бөліктерін тану.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Қараша айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру:**<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру<br>**Жүгіру:**<br>тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру;<br>**Еңбектеу:**<br>еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу<br>**Секіру:**<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру<br>**Лақтыру:**<br>оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру<br>Сапқа тұру:<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру,<br>**Секіру:**<br>Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>**Еңбектеу:**<br>көлбеу модуль бойымен еңбектеу<br>**Өрмелеу:**<br>Саты бойымен өрмелеу.<br>**Қимылды ойындар**<br>қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету<br>Жалпы дамытушы<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. |

| | | |
|---|---|---|
| | | киіміндегі олқылықтарды байқауға баулу<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиhаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен оқылған шығармалардан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді бірлесе отырып қайталау.<br>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға еркіндік беру.<br>Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу арқылы дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ( ә ) дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша)<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балалар геометиялық фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері: таңертең-кешке. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу арқылы, олардың қиылысуын жүргізе асыра отырып дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларға білуге және әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>Балаларға заттарды бейнелеу арқылы бірнеше көлденең және сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен және тұмыстық заттаррымен таныстыру арқылы, ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруге үйрету.Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдерін бекіту. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, |

| | | |
|---|---|---|
| | | тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту.**<br>Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: маракас және барабанмен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атау дағдыларын қалыптастыру. Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Желтоқсан айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>"жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру:<br>**Домалату:**<br>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>**Секіру:**<br>заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,<br>**Еңбектеу:**<br>туннель арқылы еңбектеу;<br>**Сапқа тұру:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру<br>**Еңбектеу:**<br>Туннель арқылы еңбектеу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:**<br>арқан бойымен жүру арқылы тепе-тепеңдік сақтауға үйрету<br>**Қағып алу:**<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Қимылды ойындар**<br>"жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың ой пікірлерін тыңдау.Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.Олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау дағдыларын дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне<br>айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу<br>үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды  салыстыру:заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.<br>**Шама**<br>Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдер арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларға  геометриялық фигурашаршыны таныстыру<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістікті бағдарлау: оң-сол<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен,өз бетіңше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздік сақтауға , ұқыптылыққа баулу.<br>Геометриялық дөңгелек пішіндер (шарлар,бұлтта,күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Балалардың ой қиялдарын дамыту, шығамашылығын арттыру |
| | **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағаздарды түрлендіру әдістері арқылы балаларға  (жырту әдісін, ұмаждау әдісін,буктеу әдісін ,қатпарлау әдісін) қолдану арқылы балаларға шығармашылығын дамыту . |
| | **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануын қалыптастыру. Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Қаңтар айы 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап жүру<br>**Секіру:**<br>15-20 см биіктіктен секіру. Сызықтан секіру.<br>**Өрмелеу:**<br>гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Домалату:**<br>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату<br>**Лақтыру:**<br>оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру<br>**Қимылды ойындар**<br>"жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету,<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. "салауатты өмір салты" және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен ертегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау дағдыларын қалыптастыру.Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ("бөпе", "аға", "апа", "іні", "қарындас"), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдер арқылы салыстыру.<br>**Шама**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларға геометриялық фигурадөңгелекті таныстыру<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өз дене мүшелерін бағдарлау<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Уақытты бағдарлау: күндіз-түнде. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай , балаларға дұрыс ұстауды үйрету .<br>Қылқаламмен бояуды оны бояуға ақырын батыру арқылы , алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру арқылы қызыл, сары,жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңтерін қолдану.<br>Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруге үйрету. |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |
| | **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композициия құрастыруға баулу. |
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ересектің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Ақпан айы 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру<br>**Жүгіру:**<br>белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы:<br>**Секіру:**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Биік емес төбеден сырғанау.<br>**Домалату:**<br>аяқтарын алшақ қойып, отырып<br>**Тепе-теңдікті сақтау:**<br>Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30см) тепе-теңдік сақтап жүру.<br>**Өрмелеу:**<br>Гимнастикалық қабырғаға (биіктігі 1,5 метр)өрмелеу және одан түсу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру<br>жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**<br>қимыл түрлерін өзгерте отырып ойнату<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер өз бетінше ойнауға ынталандыру<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бөліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен оқылған шығармалардан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді бірлесе отырып қайталау.<br>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға еркіндік беру.<br>Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу арқылы дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп)<br>**Шама**<br>Бірдей ,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларға геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері: таңертең-кешке. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу арқылы, олардың қиылысуын жүргізе, білуге және әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>Балаларға заттарды бейнелеу арқылы бірнеше көлденең және сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу шығармашылығын дамыту. |
| | **Жапсыру** | Геометиялық фигуралардың (дөңгелек,шаршы,үшбұыш) ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру ақылы киіз, кілемше , көрпе , алаша , орамал жасау дағдысын үйрету арқылы балалардың қағаз бетіне түсіру арқылы дұрыс жапсыруды үйрету. |
| | **Құрастыру** | Құрылыс бөліктерін жеке дайындау дағдыларын қалыптастыру.Балалар өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафонмен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балалар өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

**Білімберуұйымы:**<u>МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы</u>
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Наурыз айы 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>**Секіру:**<br>Тұрған орнынан жоғары секіру<br>**Лақтыру:**<br>Оң және сол қолмен допты кеуде тұстан лақтыру.(1,5-2метр қашықтықтан) Оң және сол қолмен биіктігі 1,2 метр тік нысанаға допты лақтыру.<br>**Жүгіру:**<br>Тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>**Сапқа тұру:**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Секіру:**<br>сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>Ырғақты жаттығулар:<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Қимылды ойындар**<br>ойындарға күрделі ережелерді енгізу<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Жүзу және гидроаэробика элементтері.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың ой пікірлерін тыңдау.Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.Олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті |

| | | |
|---|---|---|
| | | еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Тең және тең емес заттар тобын салыстыру. «Тең бе?» «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама**<br>Бірдей ,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларға геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері: таңертең-кешке. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға үйрету.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен,өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сурет салуда қауіпсіздік сақтауға , ұқыптылыққа баулу.<br>Геометриялық дөңгелек пішіндер (шарлар, бұлтта, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу арқылы шығармашылығын дамыту.<br>Балалардың ой қиялдарын дамыту, шығамашылығын арттыру |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуға , жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану арқылы балалардың ойлау қиялдарын дамыту арқылы қол моторикасын дамыту. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақпен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.. |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы « Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Сәуір  айы 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**<br>Еденге қойылған заттардан аттап жүру,<br>**Жүгіру:**<br>Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін),<br>**Сапқа тұру:**<br>Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Секіру:**<br>Тұрған орнында  қос  аяқпен секіру.<br>Қағып алу:<br>Жерге (еденге)  допты  соғып , қағып  алу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:**<br>арқан бойымен жүру, тура жолмен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>**Домалату:**<br>заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>**Лақтыру:**<br>Оң   және  сол  қолмен тік  нысанаға заттарды (биіктігі 1,2 метр) лақтыру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Дербес қимыл белсенділігі.**<br>ептілікті, жылдамдықты дамыту<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен ертегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау дағдыларын қалыптастыру.Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ("бөпе", "аға", "апа", "іні", "қарындас"), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама**<br>Бірдей ,тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларға геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Уақытты бағдарлау: күндіз-түнде. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.<br>Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр) қолдануға үйрету.<br>Балаларға бормен асфальтқа сурет салғызу.<br>Құмға таяқшалармен сурет салғызу. Өздерінің ой қиялдарын дамытуларына мүмкіндік беру. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттармен таныстыру. Ұнаған дайын заттармен таныстыру арқылы, заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту арқылы балалардың қол моторикасын дамыту.Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; |
| | **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: маракас және барабанмен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

**Білімберуұйымы:**МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
**Топ:** Ортаңғы «Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардыңқұрылукезеңі:** Мамыр айы 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүру: жан-жаққа баяу айналып жүру<br>**Жүгіру:**<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру<br>Тепе-теңдік сақтай отырып:<br>бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Өрмелеу:**<br>Гимнастикалық қабырғаға (биіктігі 1,5 метр)өрмелеу және одан түсу.<br>**Секіру:**<br>Тұрған орнынан жоғары секіру.<br>**Лақтыру:**<br>Оң және сол қолмен биіктігі 1,2 метр тік нысанаға допты лақтыру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен оқылған шығармалардан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді бірлесе отырып қайталау.<br>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға еркіндік беру.<br>Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу арқылы дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп)<br>**Шама**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша)<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балалар геометриялық фигураларды ұстап және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Кеңістікті бағдарлау: оң-сол<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері: таңертең-кешке. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу арқылы, олардың қиылысуын жүргізе асыру.<br>Балалар білуге және әр түрлі пішіндер (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың өз қиялдарын, шығармашылығын дамыта отырып үйрету.<br>Балаларға заттарды бейнелеу арқылы бірнеше көлденең және сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеуге үйрету арқылы , оларды таяқшамен |

| | | |
|---|---|---|
| | | безендіру шығармашылығын дамыту.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Геометиялық фигуралардың (дөңгелек,шаршы,үшбұыш) ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру ақылы киіз, кілемше , көрпе , алаша , орамал жасау дағдысын үйрету арқылы балалардың қағаз бетіне түсіру арқылы дұрыс жапсыруды үйрету. |
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.**<br>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балалар өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула |

| | | |
|---|---|---|
| | | сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |